

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарына қызметке алғаш рет кіретін азаматтардың тағылымдамадан (сынақ мерзімінен) өту қағидалары мен шарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2023 жылғы 31 мамырдағы № 528 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 31 мамырда № 32643 болып тіркелді

"Әскери полиция органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органдарына қызметке алғаш рет кіретін азаматтардың тағылымдамадан (сынақ мерзімінен) өту қағидалары мен шарттары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери полициясы бас басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери полициясы бас басқармасының бастығына жүктелсін.

5. Осы бұйрық мүдделі лауазымды адамдарға және құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі

R. Жаксылыков

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі
2023 жылғы 31 мамырдағы
№ 528 Бұйрыққа
1-қосымша

Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің әскери полиция органдарына қызметке алғаш рет кіретін азаматтардың тағылымдамадан (сынақ мерзімінен) өту қағидалары мен шарттары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің әскери полиция органдарына қызметке алғаш рет кіретін азаматтардың тағылымдамадан (сынақ мерзімінен) өту қағидалары мен шарттары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің әскери полиция органдарындағы әскери қызметке алғаш рет кіретін азаматтардың сынақ мерзімінен және тағылымдамадан өтуін айқындайды.

2. Әскери полиция органдарындағы қызметке алғаш рет кіретін азаматтармен (бұдан әрі – кандидаттар) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті әнгімелесу парағын ресімдеумен әскери полиция құрылымдық бөлімшесінің бастығы әнгімелесу жүргізеді.

Кандидаттарға әскери полиция органдарының әскери қызметшісіне қойылатын екі ай ішінде сынақ мерзімін және тағылымдаманы белгілеу туралы талаптар жеткізіледі, оның ішінде бір ай – әскери полиция мамандарын даярлау орталығында (бұдан әрі – орталық) оқытылады және бір ай – алдағы уақытта қызмет ету жерінде тікелей өтеді.

3. Кандидаттармен сынақ мерзімінен өту кезеңінде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес үш айдан аспайтын мерзімге еңбек шарты жасалады.

4. Сынақ мерзімінен өту үшін кандидаттарды мемлекеттік құпияға рұқсаттың болуын көздейтін лауазымға тағайындауға, сондай-ақ мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтермен жұмыс жасайтын бөлімшелерде тағылымдаманы өткізуғе жол берілмейді.

2-тaraу. Орталықта оқу тәртібі

5. Кандидаттар сынақ мерзімінен өту уақытында орталықта бір ай бойы арнайы бастапқы оқытудан өтеді.

Арнайы бастапқы оқытудан өту кезеңінде кандидаттар орталық аумағында орналастырылады.

6. Арнайы бастапқы оқытудан өту кезеңінде орталық бастығының бұйрығымен кандидаттар аудиоспалы құрам тізіміне қабылданады.

7. Кандидаттар орталықтың оқу дәрісханаларын, кабинеттерін, сыныптарын, кітапханаларын, спорт залдарын және оқу-жаттығу жабдығын пайдаланады.

8. Кандидаттар оқу уақытында:

- 1) әскери полиция органдары қызметінің негізгі бағыттарын зерделейді;
- 2) теориялық білім алады және практикалық дағдыларды менгереді, әскери полиция қызметтерінің, бөлімшелерінің жұмысында тәжірибе алады;

3) белгіленген мерзімде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Әскери полициясы бас басқармасы бастығының бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасында көзделген оқу жұмысының барлық түрін орындаиды.

9. Екі пән бойынша ағымдағы және қорытынды бақылауда қанағаттанарлықсыз баға алумен сипатталатын оқу жоспары орындалмаған кезде кандидаттар орталықтан оқудан шығарылады және еңбек шарты жасалған әскери полиция органына жіберіледі.

10. Кандидат оқуда он күн болмаумен сипатталған науқастанған жағдайда кандидат қайта арнайы бастапқы оқытуға жіберіледі.

Кандидат науқастанған жағдайда оқытушылардың жетекшілігімен өзіндік дайындық үшін оқу материалы беріледі.

Кандидат науқастанған жағдайда растайтын құжаттарды береді.

11. Оқу бітіру емтихандарын жақсы тапсырған кандидаттарға мінездеме, сондай-ақ осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнайы бастапқы оқытууды аяқтағаны туралы куәлік беріледі.

3-тaraу. Тағылымдамадан (сынақ мерзімінен) өту тәртібі

12. Орталықта оқу аяқталғаннан кейін кандидаттар тағылымдамадан (сынақ мерзімінен) өтетін жерге жіберіледі.

13. Кандидатқа тиісті кәсіби даярлығы және айтарлықтай жұмыс тәжірибесі бар әскери қызметшілерден тәлімгер бекітіледі.

14. Әскери қызметшіні тәлімгер ретінде бекіту үшін кандидаттың тікелей бастығының баянаты негіз болып табылады.

15. Бір тәлімгерге екеуден аспайтын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери полиция органына алғаш рет кіретін кандидат бекітіледі.

16. Тәлімгер күнделікті бақылауды жүзеге асырады, таңдаған мамандығын менгеруде көмек көрсетеді, кандидатқа функционалдық міндеттерін, оларды сапалы орындау тәсілдері мен әдістерін түсіндіреді, жол берілген қателіктерді бірлесіп талдайды және жояды, жеке үлгі көрсетумен жағымды қасиеттерін, кәсіби шеберлігі мен дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді, кандидатты ұжымның қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, салауатты өмір салтын ұстануға, жалпымәдени және кәсіби ой-өрісін дамытуға, патриотизмді дарытуға тартады, сондай-ақ моральдық-психологиялық тұрақтылығын және жеке тәртіптілігін нығайтады, олардың тәртіп пен заңдылықты бұзына жол бермеу бойынша шаралар қабылдайды.

17. Сынақ нәтижесі қанағаттанарлықсыз болған кезде Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес кандидатпен сынақ мерзімінен өтпеген ретінде еңбек шарты бұзылады.

18. Сынақ мерзімінен жақсы өткен кандидат:

1) үш ай ішінде офицерлер құрамының лауазымына;

2) екі ай ішінде сержанттар (старшиналар) мен сарбаздар құрамының лауазымына әскерге шақырылады.

19. Сынақ мерзімінен өтетін кандидаттарға төлем "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес жүргізіледі.

20. Кандидаттар тағылымдамасының негізгі мақсаты:

1) кәсіби деңгейін және даярлығын анықтау;

2) орталықта оқу кезінде алған білімін және кәсіби дағдыларын бекіту болып табылады.

21. Тағылымдама кезеңінде кандидаттар тағылымдамадан өтетін тиісті бөлімше бастығының бағынысында болады.

22. Әскери полиция органдары құрылымдық бөлімшесінің бастықтары кандидаттың жұмыс режимін белгілейді.

23. Тағылымдаманың негізгі міндеттері:

1) кандидаттардың Қазақстан Республикасының Қарулы Қүштерінде құқық тәртібін қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың жолын кесу және одан сақтандыру бойынша кәсіптік білім алуы, шеберлік пен дағдыларды менгеруі және оны жетілдіруі;

2) кандидаттардың жеке басының және іскерлік қасиеттерін, тәртіптілігін дамыту;

3) кандидаттардың арнайы құралдарды қолданудағы дағдыларды менгеруі және жетілдіруі;

4) қызметтік құжаттарды ресімдеу дағдыларын менгеру.

24. Кандидат тағылымдама кезеңінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери полиция органдарының іс жүргізуіндегі қызметтік құжаттармен жеке тапсырмада, жұмыс жоспарында айқындалатын ауқымда танысады.

25. Тағылымдамадан өтетін кандидат:

1) атқаратын лауазымы бойынша функционалдық міндеттерге сәйкес жеке тапсырманы, жұмыс жоспарын жасайды, оны тікелей бастық келіседі, бақылайды және әскери полиция органдарының бастығы бекітеді;

2) мамандығы бойынша әскери қызмет өткери ерекшелігін зерделейді;

3) қызмет өткери тәсілдері мен әдістерін зерделейді;

4) әскери қызмет өткери дағдыларын менгереді және бекітеді;

5) әскери полиция органдарының қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерді зерделейді;

6) жеке жұмыс жоспарына атқарылған жұмыс туралы жазбаны уақтылы енгізеді;

7) апта сайын тағылымдама жетекшісінің алдында атқарылған жұмыс туралы есеп береді.

26. Тағылымдама (сынақ мерзімі) аяқталғаннан кейін өрбір кандидатқа тікелей бастық мінездеме жасайды.

Кандидаттың тағылымдамадан (сынақ мерзімінен) өтуін растайтын материал кейіннен әскери полиция органына әскерге шақыру бойынша жұмыс істеу үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери полициясы бас басқармасына жолданады.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
полиция органдарына қызметкесі
алғаш рет кіретін азаматтардың
тағылымдамадан (сынақ
мерзімінен) өту қағидалары
мен шарттарына
1-қосымша

Нысан

Әскери полиция органына кандидатпен әңгімелесу парагы

| P/c № | Әңгімелесу мазмұны | Жауабы |
|----------|--------------------|--------|
| 1. | | |
| 2. | | |
| 3. | | |
| 4. | | |
| 5. | | |

Әңгімелесу парагымен таныстым, онда мазмұндалған талаптар:

Кандидат _____

(запастағы әскери атағы, қолы, Т.А.Ә. (бар болса)

Әңгімелескен: _____

(әскери атағы) (қолы) (Т.А.Ә. (бар болса)

20 ____ жылғы "____" ____

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
полиция органдарына қызметкесі
алғаш рет кіретін азаматтардың
тағылымдамадан (сынақ
мерзімінен) өту қағидалары
мен шарттарына
2-қосымша

Нысан

Беткі жағы

Қазақстан Республикасының
Корғаныс министрлігі

Әскери полиция мамандарын
даярлау орталығы



КУӘЛПК

Ішкі жағы

Арнайы бастапқы оқытудан

ету туралы

КУӘЛПК № _____

Запастағы _____

Әскери полиция мамандарын даярлау орталығында
20__жылғы "__ __ - 20__жылғы "__ __
кезеңінде оку курсынан өткені туралы берілді және
мынадай білімді көрсетті:

Арнайы даярлық _____

Жалпыәскери жарғылар _____

Құқықтық даярлық _____

Тактикалық-арнайы даярлық _____

Салтық даярлық _____

Дене шынықтыру _____

Әскери полиция мамандарын даярлау
орталығының бастығы

(әскери атағы) (аты, тегі)

М.О. 20__жылғы "__ __

СВИДЕТЕЛЬСТВО №_____

о прохождении специального
первоначального обучения

Выдано _____ запаса

о том, что он прошел курс обучения в Центре
подготовки специалистов военной полиции в
период с "__ __ 20__ года по "__ __ 20__ года
и показал следующие знания:

Специальная подготовка _____

Общевоинские уставы _____

Правовая подготовка _____

Тактико-специальная подготовка _____

Строевая подготовка _____

Физическая подготовка _____

Начальник Центра подготовки специалистов
военной полиции

(воинское звание) (имя, фамилия)

М.П. "__ __ 20__ года

Ескертпе:

1. Куәлік жылтыр қағаздан жасалған альбом түрінде (көлемі 297x210 миллиметр) A4 форматындағы мұқабадан тұрады, беткі жағы – ашық көгілдір түсті негізде, ішкі жағы – ақ түсті негізде.

2. Куәлік мұқабасында мыналар орналастырылады:

1) қара түспен жазылған "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Әскери полиция мамандарын даярлау орталығы" деген жазба;

2) ортасында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдары белгісінің суреті;

3) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери полиция органдары белгісінің суреті астында – қазақ тіліндегі атауы.

3. Куәліктің ішкі жағы баспаханалық тәсілмен теріледі (деректерді есепке алмағанда, оларға енгізілетін жазба каллиграфиялық жазумен немесе баспа құрылғысының көмегімен жазылдының етіп жасалуға тиіс).

4. Куәліктің сол жақ ішкі жағында қазақ тілінде жазылған мәтін, ал он жағында – орыс тілінде жазылған бірдей мәтін көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
полиция органдарына қызметке
алғаш рет кіретін азаматтардың
тағылымдамадан (сынақ
мерзімінен) өту қағидалары
мен шарттарына
3-қосымша

Нысан

Кандидаттың тағылымдамадан өту кезеңіндегі жеке тапсырмасы және жұмыс жоспары

Бекітемін

гарнizonы (гарнизонның атауы)

бастығы
(әскери полиция органдының
атауы)

(әскери атағы) (қолы)
(Т.А.Ә. (бар болса)
20 __ жылғы " __ "

20 __ жылғы " __ "
(елді мекен)

1. Жеке тапсырма

Кандидат _____
(запастағы әскери атағы, Т.А.Ә. (бар болса)

(жоспарланған лауазым мен бөлімше атауы)

Кандидат _____

(запастағы әскери атағы, қолы, Т.А.Ә. (бар болса)

Келісілді

Бөлімше бастығы:

_____ (әскери атағы)

_____ (қолы)

_____ (Т.А.Ә. (бар болса))

2. Жеке жұмыс жоспары

Кандидат _____

(запастағы әскери атағы, Т.А.Ә. (бар болса))

(жоспарланған лауазым мен бөлімше атауы)

| Күні | Іс-шара атауы | Бақылау нәтижесі |
|------|---------------|------------------|
| | | |

Тағылымдама нәтижесі бойынша қорытынды: _____

Бөлімше бастығы:

_____ (әскери атағы)

_____ (қолы)

_____ (Т.А.Ә. (бар болса))

20 ____ жылғы "___" ____

Тағылымдама нәтижесі бойынша қорытынды _____

_____ гарнизоны
(гарнизон атауы)

_____ бастығы
(әскери полиция органдарының атауы)

(әскери атагы) (қолы) (Т.А.Ә. (бар болса)

20 жылғы "___"

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі
2023 жылғы 31 мамырдағы
№ 528 Бұйрыққа
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің күші жойылды деп танылған
бұйрықтарының тізбесі**

1) "Әскери полиция органдарына алғашқы қызметке тұратын адамдардың сынақ мерзімінен және тағылымдамадан өту қағидаларын бекіту туралы" 2005 жылғы 24 наурыздағы № 120 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3563 болып тіркелген);

2) "Әскери полиция органдарына алғашқы қызметке тұратын адамдардың сынақ мерзімінен және тағылымдамадан өту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2005 жылғы 24 наурыздағы № 120 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" 2011 жылғы 18 ақпандағы № 88 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6810 болып тіркелген);

3) "Әскери полиция органдарына алғашқы қызметке тұратын адамдардың сынақ мерзімінен және тағылымдамадан өту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2005 жылғы 24 наурыздағы № 120 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" 2018 жылғы 2 наурыздағы № 127 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16592 болып тіркелген);

4) "Әскери полиция органдарына алғашқы қызметке тұратын адамдардың сынақ мерзімінен және тағылымдамадан өту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2005 жылғы 24 наурыздағы № 120 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" 2021 жылғы 5 мамырдағы № 284 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22733 болып тіркелген).